

9. Шылау сөздерден жасалған Кейіпкер аттары: Шылау – өздері тіркескен сөзге әр қилы реңк жаман, мағынасын айқындап, толықтырып отыратын көмекші сөздер. Кейіпкер аттарының эмоциональды ыңғайда жұмсалыу аясының кеңдігі, көбінесе аффикстердің қызметіне байланысты. Тіліміздегі қосымшалардың ұнамсыз реңк тудырып, қомсыну, мысқылдау, кекету сияқты жағымсыз әсерді күшейтеді. Мұндай аттар сирек болса да кездеседі:

-ай – сөздің мәнін күшейтетін демеулік шылау таңдану, таңырқау мәнін үстейді. Бұл үлгіде Айқап, Обал+ай, Елім+ай кейіпкер аттары кездеседі[5, 66].

-екеш – кемсіту, қомсыну, мұқату реңктерін білдіреді: Сом+екеш, Құл+екеш.

-да – Айдабол < ай+да+бол, < ұр+да+жық < ұру, сабау, соғу, түйгіштеу, жығу, құлату, сұлату, алып ұру, жеңу дегенді білдіреді, Ұрдажық сөзі жалпыланып, 'дөрекі, дөкір, төбелесқұмар' деген ұғымда жұмсалады. Бұл жерде де шылауы ұр+жық сөздеріне үстемелеп, күшейту үшін дәнекер ретінде жалғауыш болып тұр. Айдабол атын жіктесек, айда, бол деген императив тұлғалы сөз шығады. Сөйлеуде жарайды, құп дегенді білдіреді. Бұл сөз орыс тілінде де бар, бірақ ол орыс тілінде кірме сөз ретінде қабылданады.

Айдабол, Ұрдажық, Ұятай – бұл бейнеленген кейіпкерлер – біз өмір сүріп отырған заманның “жемістері”, осылардың бәрін бір адамның бойына сиярлық етіп шебер суреттеудің негізінде образы біздің көз алдымызда тұрады.

Сатира мен юморда қолданылған одағай мәнді аттардың қайсысын алсақ та, ұлттық бояуы, реңкімен ерекшеленіп тұрады, басқа ұлттан айырмашылықты білдіретін көрсеткіш деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.
2. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М., 1988. – 192 с.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2000. – 320 б.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. – 136 б.
5. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.

Әбдіхамит Әйгерім Ерболатқызы

Филология факультетінің 2-курс магистранты

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

aigerim.abdikhamit@mail.ru

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д., проф. Мажитаева Шара

Т. ШАПАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЖӘНЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көркем шығарма тілі – қыры да, сыры да мол дүние. Әрбір қалам қайраткерінің, табиғи талантын, дүниетанымын, қабілетін, білім дәрежесін былай қойғанда, сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасы, сөз қолданыс тәсілі, сөз саптау мәнері бар. Көркем сөздің жан дүниемізге рухани нәр беріп, әсерлі де әсем сезім ұялататын сиқырлы сыры оның эстетикалық қызметіне байланысты. Сөз қолданыстың сан алуан тәсілдері мен шынайы шеберліктің өнегесін біз, міне, осы тұста айқын көреміз. Басқаша айтқанда, әрбір жазушының әр қырынан көрінер, өзгеден дараланар өзіндік сөз өнері, топ жарған таланты сарапқа салынар кезі тілдің осы қызметіне байланысты. Кез-келген жаңа саланың ауқымы кең, қарымы құлаш болуы заңды. Көркем әдебиет тілі зерттеуге түскенімен, оның ашылмаған, не жете зерттелмеген

нысандары өте көп. Көркем шығарма тілін, стильдік ерекшелігін зерттеуде, ішкі монологтың берілу жолдарын талдап көрсету тек әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес, лингвистика ғылымы саласы үшін де аса қажет. Сол себепті көркем шығарманың стилін, мәтін құрылымын тілдік тұрғыда зерттеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Біз бұл мақаламызда Тұрсынжан Шапайдың шығармаларында кездесетін сөйлеу тілі элементтері және фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктерін қарастырмақпыз. Сөйлеу элементтері ретінде варваризмдерді алып қарастыруға болады. Жазушының шығармаларында варваризмдер көп қолданылады. Олар, әрине, белгілі бір стильдік мақсатпен жұмсалады. Тілді шұбарлап сөйлеудің түрлі себептері бар, сөйлеушінің өз сөзіне мән бермей, әдеті болып кетуі болса, енді бір жағдайларда оның сөздік қорының аздығы, тілінің жұтандығы себеп болып жатады.

Варваризмдер – ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін тілдік құбылыс. Мұндай сөздер әдеби тілге жатпаса да, көркем шығармаларда кейіпкерді сипаттау үшін жиі қолданылады. Көркем шығармада түрлі кейіпкерлердің болатыны және олардың арасында қақтығыстардың да болып тұратыны заңдылық. Ал өмірде әр түрлі жағымды, жағымсыз адамдардың бар болуы – өмірдің шындығы. Бұл туралы академик М.Серғалиев: «Ауызекі сөйлеу стиліне әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуы – табиғи құбылыс», – деген тұжырым жасайды [1; 62].

Шығарма материалына негіз болатын жағымды, жағымсыз адамдардың тілі – тіл білімінде табу, эвфемизм дисфемизмдер (какофемизм) деп аталады. Қаламгерлер сөздерді өз мағынасында пайдаланумен қатар, сөздерді ауыспалы, келтірілген мағынада, қанатты сөздер мен тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамында пайдаланады [2; 93].

Қаламгер кейіпкер аузына орыс сөздерін салу арқылы тіл шұбарлаудың жиі кездесетіндігін және варваризмнің сол уақыттағы адамдардың тіліне тән екендігін ерекшелеп көрсету мақсатында салады: *Сен, **давай**, бауырым, патриотпын деп, бос айғайлай бермей, бір дұрыс желім зауытын ашсаңдаршы! (Бұлай болмайды зой...) Менің бәйбішем – понимаешь, өнер адамы! Торпақбай Жортақбаев, өзі әнші, өзі күйші, өзі биші, сазгер (**так-так!**), сықақшы, актер, ақын (ойбай!), Дәу сарайға **сеансқа** шақырамыз...* («Қазақтың жаны»). *Жүрегім тоқтап қалғандай, сілейіп тұрғанымда, ол түк болмағандай, төрге озып, **диванға** барып отырды. Немесе, жазушыларға қазіргі заманның үлгілі **геройларының** бейнесін жасаңдар деген талап қойылып жатыр зой - неге маған, айталық, берілген тапсырманы абыроймен орындап, тәуелсіз елімізді әлемге танытар сондай кесек тұлғалы **герой** болмасқа?! Пәлі... Енді бізге қандай **герой** керек екенін қайдан біле қойдың? («Жағымсыз кейіпкер»).*

Варваризмдердің жасалуында актив қызмет атқаратын тәсілдің бірі – синтетикалық тәсіл. Жалпы тіл білімінде түбірге аффикстер жалғау арқылы грамматикалық мағынаның берілу тәсілі аффиксация тәсілі деп аталады. Яғни, түбірі варваризм бөтен тіл элементі, ал оған қазақ тілінің қосымшалары жалғануы нәтижесінде де варваризмдер жасалады. Мысалы: **сеансқа, диванға, геройларының, герой болу.**

*Той демекші, **юбилей**, туған күн, тағы басқа бас қосу, атап өтулерде мерейтой иесі не күтеді? («Мақтаушы, мақталушы, мақтаншақ»).*

*Әйтеуір, сансыз көп бөлме... Және әрқайсысы менің екі бөлмелік ескі пәтерімді дәліз, **балкон**, ас үйімен қосып алғандағыдан кең!... Әр қабаттағы жуынатын, дәрет сындыратын бөлмелердің есебінен жаңылдым!..*

*- Енді... Халықтың адамымыз дегендей... Дос бар, дұшпан бар... Қалай дегенде де, **статус** мәжбүрлейді зой, - деді. Сосынтағыда нығыздан: - **Статус**, айналайын, **ста-тус!**.. - деді (*Статус*).*

Бұл мысалдарда *давай, понимаешь, так-так, герой* деген варваризмдер кездеседі. Тұрсынжан Шапай бұл сөздерді кейіпкерлердің тілінде қолдану арқылы, орыс тілін және қазақ тілін араластырып сөйлеу сол кейіпкерлердің тілдік дағдысына айналып кеткендігін көрсетеді. Осы мысалдардан автордың өз кейіпкерін және оның білімдерін, сөйлеу мәнерін,

оның сауатын, қандай да бір шамада мінезін сипаттап көрсету мақсатында, орыс тіліндегі сөздердің қазақша баламасы болса да, орысша вариантын қолданатындығын байқаймыз.

Оқырманның эстетикалық талғамын жетілдіру үшін көркемдеуіш құралдар, эмоционалды-экспрессивтік қызмет атқаратын сөздер қолданылады. Әдетте жағымсыз, әдепсіз, дөрекі, тұрпайы сөздер, дисфемизмдер кейіпкердің ауызекі сөйлеу тілінде кездеседі, көркем прозада олардың жасалу жолдары, қолданылу аясы әрқилы.

Дисфемизмдер – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Тілімізде стильдік қызмет атқаратыны сөзсіз. «Дисфемизмдерді қолдану ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелік болып табылатындығын көруге болады», – деп пайымдайды Ә.Ахметов [3;56]. Шындығында, дисфемизмдердің тілімізде ең жиі қолданысқа түсетін жері – ауызекі сөйлеу тілі. Жалпы дисфемизм, яғни тұрпайы, анайы сөздер бір адамды кемсіту мағынасында жұмсалатындығы белгілі. Дисфемизмдер – әдеби тілдің нормасына жатпайды. Дисфемизммен сөйлейтін адамдар мәдениеті төмен, әдепсіз адамдар деп есептелінеді. Бұлар көркем шығармада, көбінесе, ауызекі тілдің сөйлеу ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшырасады: *Екіншісінде - иіс алмас топастығымнан елге күлкі болыптын. Көп жазбамда "Мен" деген жалғыз есімдікпен ныспыланғанмен, бұл антұрғанның түрлі-түрлі қылығы бар. Мен сені әдейі жексұрын қылған жоқпын ғой. Бір әңгімеңде мен - жемқор, алаяқ біреумін («Жағымсыз кейіпкер»).*

Бұл сөздер кейіпкердің ашу-ызасын беру мақсатында қолданылған. Кейіпкердің сезімін білдіре отырып, эмоционалдылықты күшейте түседі. Эвфемизмдер мен дисфемизмдер адамның ойы арқылы мидың ақпаратты қабылдауына әсер етеді. Адамдардың санасын манипуляциялау және оларды эвфемизмдер мен дисфемизмдердің көмегімен әрекетке итермелеу қабілетін автор жиі қолданған, оларға ойлар мен идеяларды барынша тиімді түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен, автор кейіпкерлерінің бейнесін анағұрлым шындыққа жанастырып ашу үшін кейіпкерлер тіліне баса көңіл бөледі. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланысты беріледі. Кейіпкерлер тіліндегі лексикалық топтарды шеберлікпен жұмсайды. Ойды бейнелеп көркем жеткізуде кейіпкер тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің, варваризмдердің, диалект сөздердің, жаргон сөздердің атқарар рөлі ерекше екеніне көз жеткіздік. Ол шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк береді.

Тұрсынжан Шапайдың көркем шығармаларында тұрақты тіркестердің қолданыстары, оның ішінде фразеологизмдер жиі кездеседі. Қаламгердің тіліндегі фразеологизмдерді талдау, сараптау арқылы әдебиеттану жағынан оның жеке даралық стилін тануға, тілдік жағынан стиль жасаудағы тілдік тәсілдердің қолдану ерекшелігін айқындау мүмкіндігі туады.

Зерттеушілердің тұжырымдауынша, фразеологизмдер қалай болса солай өзгертуге көнбейді, тұтасқан күйінде даяр тұрған оралым ретінде қолданылады, сөйлемдегі басқа сөздермен бір я бірнеше сыңары арқылы байланысқа түседі, олардың құрамында болатын өзгерістер қалыпты нормаға сай меншікті мағынаны бұзбайды. Белгілі бір сөйлемнің құрамында тұрып, фразеологизм оның бір ғана мүшесі қызметін атқарады немесе өз бетінше тұтас сөйлем түрінде қолданылады, қалыпты қолданыста астарлы тұрақты мағынасын сақтайды. Фразеологизм – құрылым мен мағынаның, мазмұн мен форманың бірлігі. Олардың қолданылудағы басты қызметтің бірі жеке сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер бере алмайтын көркемдік, образдылық, экспрессивтілік, астарлы мағына арқылы ойды жеткізу. Сонымен, фразеологизм деп семантикалық жақтан өзгеріске ұшырап, туынды астарлы мағынағы ие болған бірлікті айтамыз. Бұл анықтама фразеологизмдердің дайын күйінде қолданылатын тұрақты құрылым екендігін жоққа шығармайды [4;13].

«Фразеологизмдер көркем шығарма тіліне айрықша рең беріп, мазмұнын дарытады, ұлттық бояу береді. Әсіресе, образды фразеологизмдер кейіпкер мінезін беруде, авторлық баяндау күйінде, белгілі бір жағдайға байланысты түйінді пікір айтуда т.б. қызметтерде жұмсалып тілдің стильдік өрнектерін дамытады», – дейді А.Бейсенбай [5;201].

Тұрақты тіркестер көркем шығарманың қай жанрында болсын молынан қолданылып, көркемдік тәсілдердің ең сүбелі түрі ретінде стильдік қызмет атқарады. Фразеологизмдер – көркем шығарма тілінде образды бейнелі реңк беру, эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыру мақсатында қолданылатын тілдік бірліктер. «Ақын-жазушылар өз туындыларын жазу үстінде жаңа грамматикалық форма іздеп отырмасы анық, өзіне таныс стилін, қолтаңбасын қай сөйлем мүшесін жиі қолдануын, сөз байланыстарының қандай тәсіліне жиі жүгінетіндігінен гөрі, бірден көзге ұрып тұратын және жиі пайдаланатын формалардан іздегені жөн» [6;155]. Осы дайын материалды әр қаламгер әр мақсатта қолданып, шығармаларын әрлендіре түседі.

«Тұрақты тіркестер – әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар – сөз зергерлерінің ой-түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құрал. Тұрақты тіркестерді қай жазушы болса да өз шығармасында қажетіне қарай қолданады», – деп ғалым М.С.Серғалиев айтқандай [7;264], осы қаламгердің шығармашылығын зерттеу барысында көркем прозадағы фразеологизмдерді өз туындыларында халық тілінің бай қазынасынан көркем сөздің алуан түрлі өрнектерін мақсатты ойларына лайықтап алып отырғандығын байқаймыз.

Бәрінен бұрын, сол қорлыққа шыдамай, қашып кеткен жоқпын ба!.. - деді кейіпкерім, ұнжырғасы түсіңкіреп, мұңайған кейіпте. Кейіпкерімнің басы салбырап кетті. Іштен шыққан шұбар жылан зой, аяп та тұрмын өзін... Солай дағдарып тұрғанымда, телефон без ете қалды. Білмеймін, есіктен шықты ма, әлде, қанат байлап, ашық тұрған терезеден ұшып кетті ме - кейіпкерім, айтып аузымды жиганша, зым-зия болды. Дегенмен, телефонды құлағымға тоса жүріп, үстелді теуіп көрдім, үстінде жатқан қағаз-қаламды шашып, қайта жинадым. Сенің дүниелеріңді оқығанда, ол маған мұрнын шүйіріп отырады... («Жағымсыз кейіпкер»).

Ғалым Х.Қожахметова фразеологизмдердің қолданылуын былайша жіктейді: 1) фразеологизмдердің кейіпкерді мінездеуде қолданылуы; 2) фразеологизмдердің кейіпкердің психологиялық сезім күйлерін ашу мақсатында жұмсалуды; 3) фразеологизмдердің кейіпкер портретін беруде қолданылуы; және т.б. Сондай-ақ ғалым өз еңбегінде фразеологизмдердің лексика-грамматикалық жағынан да қолданылу ерекшеліктерін саралай келіп: «Өзінің образдылығымен көзге түсетін осы фразеологизмдерді көркем шығармада мол қолданудың өзі ұлттық характер жасаудың белгісі болады», – деген пікір айтады [8; 85].

Академик Р.Сыздықованың «Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып тану ерекше орын алады» [9; 97] деген пікірін ұстана отырып, шығармалардағы қолданылған тұрақты тіркестер қазақы өмірге қатысты құбылыстарды көркем бейнелеп, ұлттық ерекшеліктерді танытатынын көреміз: *Таяқ көтермек түгіл, қамшы кезеп сөйлеуге дәті шыдамас-ты; Бірақ, өмірдегі атақ-абырой үлесу, сыбаға бөлісу жолындағы бәсеке-тартыстан шет қалар жан жоқ. «Абайдың досы» Абайдың тәңірі текті шұғыла-нұрына шағылып, гасырлық бәйгеден жеке қара келген де бір өзі – Қиясбай «Абайдың Қиясбайы»* тіркестері қазақ өміріне тән құбылыстардан алынған, ұлттық нақышты өрнектейтін тіркестер болып табылады. Осындай тұрақты тіркестер жөнінде профессор Р.Авакова: «Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фраземалар әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы орны ерекше болса, оны танымдық тұрғыдан талдау қазақы өркениеттегі ұлттық мәдениеттің табиғаты мен бітім-болмысын ашуға мүмкіндік береді» [10; 21]. Осы секілді тұрақты сөз тіркестерді қолдану арқылы Тұрсынжан Шапай өзі суреттеп отырған ауыл өмірі мен ауыл адамдары бейнесіне шынайлық сипаттар береді. Бүкіл фразеологиялық құрам – ол ұлттың тілдік әлемін бойына жинақтаған ой сандығы. Тұрақты тіркестердің аз сөзбен терең мағына тудыра алатын қасиеті көркем шығарма кейіпкерінің бүкіл бітім-болмысын айқындауға мүмкіндік береді.

Халық тілінің тұрақты сөз тіркестерін автор шығармаларында көркемдік бейнелеу

мақсатында ұштастырып барып керегіне жаратады. Фразеологизмді суреткерлер туындыларында белгілі бір көркемдік нақыш беру қызметінде жұмсайды. Автор кейіпкерлердің сыртқы портретімен қатар ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын, наным-сенімін, дүниеге көзқарасын суреттейді. Көздеген нысанаға дәл тигізетін эмоциялы бояуы күшті, айрықша мәнді сипаттама беретін тілдік тәсілдер арқылы жазушы адам мінезінің толып жатқан қыр-сырын, оның ішкі жан дүниесін, портретін, жағымды не жағымсыз әрекетін бейнелейді, не кейіпкерлерді ажуа-сықақ, ирониялық тұрғыдан көрсетеді. Сонымен бірге қаламгер қолданыстарында қарапайым фразеологизмдер де жиі ұшырасады.

Сонымен қатар автордың еңбектерінде культтік фразеологизмдер де аз емес. Культтік фразеологизмдер – адамның көңіл-күйін, көзқарасын, әр түрлі эмоциялық әрекеттерін білдіретін қолданылуы дәстүрге айналған алғыс, қарғыс мәнді сөз тіркесімен ерекше фразеологиялық топ құрайды. Олар фразеологиялық сөздік формулалар, фразеологиялық штамптар болып келеді де, адамның бір-біріне жасайтын әр түрлі қарым-қатынасынан пайда болатын көзқарасын білдіретін экспрессивті-эмоциялық сипаттағы одағайлық сөз орамында қолданылады. Бұл тіркестер кемінде екі немесе одан көп компоненттерден болады [14;65]. Тұрсынжан Шапай оларды кейіпкердің ішкі сезімін ашып көрсетуде ұтымды пайдаланған.

Жалпы тілдегі алғыс және қарғыс мәнді ұғымдар өте ерте заманда, адамзат қоғамының, сана-сезімінің төмен, сәбилік кезінде пайда болған. Бұл ұғымдарды мифтік дәуірмен, діни сенімдермен тығыз байланысты деуімізге болады. Ауыздан шыққан алғыс пен қарғыс адам баласының өмір тіршілігін жеңілдетуге немесе қиындатуға, ұзартуға немесе қысқартуға болады деген ұғымнан келіп туындаған» [12;95]. Жазушы шығармаларында бұл культтік фразеологизмдер туындыға ерекше экспрессивтік және эмоционалдық реңк береді. Алғыс, қарғыс мәнді сөздердің ертеден пайда болғандығы мәлім. Түркілер аспандағы айға, күнге, жұлдызға бас иіп, төрт түлік малдың бабаларына сыйынғанын білеміз. Өмірдегі болып жатқан қат-қабат оқиғалар құдайдың, тәңірдің ісі деп болжап, оған сыйынып, көмек тілеп немесе керісінше сол тәңірдің қаһарымен айбат шеккен. Халықтың әлеуметтік тұрмысынан хабар беретін бұл тұрақты тіркестер атадан балаға ауысып, бүгінгі күнге дейін жеткен тілдік құралдар. Аталмыш туындыларда алғыс мәнді фразеологизмдер көптеп кездеседі. Соның ішінде тәңір, құдай сөзіне байланысты тұрақты тіркестер кездеседі. Мысалы: *Көп болса, өзіндей атқамінер, көп болса, Құнанбайдың баласы – құдай емес. «Абайдың досы». Енді Алла-Құдайдың қасына апарып отырғызбасқа, басқа не қалады? «Мақтаушы, мақталушы және мақтаншақ». Еліміздегі, әсіресе, дүбірлі оқиғалар тұсында қозып кете беретін патриоттық сезімді қайда қоярға білмей, аласұрып жүргенде, құдай өзі сәтін салған бір оқиға болды. Анау, кім еді... иә, Салтыков-Щедрин: "аяқ астынан, патриотизм туралы айта қалыпты... демек, біреулер тағы бірдеңені ұрлағалы жатыр-ау, шамасы" деп жазып еді. Құдай сақтасын, бізде олай емес қой... Бірақ сол сөзді айта бермеңдерші құнын кетіріп, көп жасағырлар! «Бұлай болмайды ғой».*

Тұрсынжан Шапайдың «Бүгінгі айтыс және жаңа жыл қарсаңындағы ойлар» алғыс мәнді тұрақты тіркестер бұйрық райдың екінші жағы және үшінші жағында жұмсалып кейіпкердің қуанышын, ризашылық сезімін білдіреді. *Дамитын, өнетін және бар құбылыс қолдан қойылған кедергіге тосыла қоймайды екен. Тасты жарған шынардай айтыс қазір мәуелеп барады. Көлеңкелі, көрікті болғай! Елдің мерейі көтерілсін – қара сөздің де бағы асар! Жаңғыруымыздың басы, жасауымыздың кепілі деп соны қайта тапсақ, қайта бекітсек – бәріңізге құтты болсын! Жаңа жыл жаңарған көңілімізді жарылқай берсін!*

Шығармаларда қарғыс мәнді фразеологизм кейіпкер тілінде қолданылып отыр. *Әдебиетке деген махаббаты шыдатпаған, әйтпесе бәрімізді жағалай сынап қынадай «қырып» атақ шығарғысы келген, жаннан асқан тыраш біреу болмаса, жақын жылдары сыңа адам келе қоймас. Жаратқан жаңылыстыра көрсін, бізді әрине! «Бүгінгі айтыс және жаңа жыл қарсаңындағы ойлар».*

Шығармаларда алғыс мәнді және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер кейіпкер тілінде қолданылып, кейіпкердің қуанышын, ренішін, ашулануын, риза болуын және тағы басқа

ішкі психологиялық сезімін білдіреді. Олар шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк беріп тұрғаны айдан анық. Жалпы адам психологиясының иірімдерін, психологиялық сезім-күйді бейнелеуде алғыс мәнді және қарғыс мәнді тұрақты тіркестердің маңызы зор екендігі айқындалды.

Қорыта айтқанда, жазушының шығармаларындағы кейіпкер тілінде кездесетін кейбір ауызекі сөйлеу элементтерін (варваризмдер, дисфемизмдер), тұрақты тіркестерді жинастырып, талдауға тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Алматы, 2006. – 228 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1992. – 250 б.
3. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 197 б.
4. Байтелиев А. Қазақ тіліндегі номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің тілдік табиғаты мен контексте қолданысы. – Алматы, 2009. – 53 б.
5. Бейсенбай А. Тұрақты тіркестердің авторлық өңдеудегі қолданысы. – Алматы, 2006. – 25 б.
6. Ғұбайдуллин С. Қазақ тілі. – Алматы, 1995. – 155 б.
7. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана, 2006.
8. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 589 б.
9. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 207 б.
10. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. – Алматы, 2002. – 150 б.
11. Рысбаева К. Қазақ тілі культтік фразеологизмдері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1997. – 175 б.
12. Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы, 2009. – 290 б.

Тойшыбек Айдана Рахметқызы

Филология факультетінің 1-курс магистранты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
aidanatoishybek@mail.ru

Ғылыми жетекші:
Кенжеғалиев С.А.,
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

«АҚ» СӨЗІНІҢ КОРРЕЛЯЦИЯСЫ

Түр-түс атауларының табиғатпен қатар өмірде, тіршілікте әртүрлі сөздерде атқаратын сан алуан қызметі бары белгілі. Түс атаулары халықтың мәдени өмірі мен тарихынан, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен мол мәлімет береді. Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын Ә.Қайдар, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбеков [1], Н.Аитова, Ш.Жарқынбекова, Б.Хасенов және т.б. ғалымдар зерттеді. Әрбір түс атауының халық санасында қалыптасқан мағынасы бары да сөзсіз. Бұл туралы бірнеше зерттеу жұмыстары да бар. Соның ішінде «Қазаққа қасиетті «Қара» сөзінің құдіреті» [2] деген мақалада Ерманова С.Б. «қара» сөзінің қадір қасиеті, мән – мағынасы, кең көлемде қолдану жағын көрсеткен. Осы орайда Г.Б.Мамаева, Ж.И.Исаева, Ж.М.Пансаттың «Көк» концептісінің эмоционалды концептілерді жасаудағы когнитивті семантикасы [3] деп аталатын зерттеуінде Көк концептісінің эмоционалды-экспрессивтік сөздердегі танымдық сипатын аша отырып, тілдік сипаты зерделенген. Зерттеушілер Қыздархан Рысберген мен Нүргелді Уәли «Халықтық топонимдердегі ақ және қара түстердің мәдени тілдік семантикасы» [4] атты зерттеуінде ақ, қара түс атаулары бар жер-су атауларының этникалық мәдениетпен байланысты мәдени-тілдік семантикасын қарастырған, тілдегі атаулардың кумулятивтік әлеуетін арттыру қажеттілігі туралы айтқан. Ал С.М.Керімова болса қазақ және орыс мәдениеттеріндегі түр-түс атауларының символикасын салғастырмалы зерттеген. Екі тілді салыстырап отырып сол халықтардың тарихы, өмірлік философиясы және менталитетімен негізделген айырмашылықтар мен ұқсастықтарды «Түр-